

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының

Сапа саласындағы саясаты

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы (бұдан әрі – ОҚМА) - 40 жылдан астам уақыт бойы қазақстандық және халықаралық нарықтарда білім беру қызметтерін көрсететін Қазақстан Республикасының жетекші медицина жоғары оқу орны болып табылады.

ОҚМА медицина, фармацевтика және инженерлік-фармацевтикалық бағыттағы жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрларды даярлауды барлық деңгейде жүзеге асырады: орта техникалық кәсіптік білім беру (медицина колледжі), жоғары (бакалавриат, интернатура), жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (резидентура, магистратура, докторантура); денсаулық сақтау жүйесі кадрларының үздіксіз кәсіби дамуы (медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау).

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының білім беру, ғылыми-зерттеу және клиникалық қызметі Қазақстан Республикасының жетекші білім беру және ғылыми-зерттеу жоғары оқу орны ретінде ОҚМА-ның дамыту бағдарламасында белгіленген миссияларды, максаттар мен тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Сапа саласындағы саясатты іске асырудың негізгі шарты стейкхолдерлердің талаптары мен күтулерін әлемдік стандарттар деңгейінде тұрақты орындауға, және оқытудың тиімді заманауи жүйесі мен әзірленген білім беру бағдарламалары негізінде олардың сапасын үздіксіз жақсартуға бағытталу болып табылады.

ОҚМА білім беру қызметі Болон декларациясының қағидаттарын, ISO 9001-2015 сериялы халықаралық стандарттарда белгіленген сапа менеджменті жүйесінің қағидаттарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қазақстан Республикасының жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын, мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары мен нұсқаулықтарына негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін сақтауға, отандық және шетелдік білім беру, медицина және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен әріптестік байланыстарды іске асыруға бағытталған.

Қызметкерлер мен білім алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау және сапалы заманауи білім беру қызметін жүргізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі мен дамуы үшін медицина және фармацевтика саласының кадрлық және зияткерлік әлеуетін қалыптастыру мақсатында ОҚМА жоғары басшылығының негізгі басымдығы болып табылады.

ОҚМА-ның білім беру, ғылыми-зерттеу және клиникалық қызметі инновациялық технологиялар саласындағы білім мен дағдыларын менгерген біліктілігі жоғары мамандарды даярлаудың тиімді жүйесінің негізі саналып, сапалы медицина қызметтерін көрсету, дөрілік заттардың тиімді айналымын қамтамасыз ету және халықтың денсаулығын нығайту бойынша денсаулық сақтау жүйесі жұмысының іргетасы болып табылады.

Білім, ғылым және клиникалық практиканың тығыз интеграциясы елдің бәсекеге қабілетті медицина жоғары оқу орны ретінде ОҚМА-ны ілгері дамытудың негізгі критерийлерінің бірі болып басшылықпен белгіленді. Ғылыми мектептердің қалыптасуы мен дамуы, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерциализациялау ЖОО басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрамының манызды бағыттарының бірі болып табылады.

Корпоративтік басқару тетіктерін және қызметтің барлық бағыттарының менеджментін үздіксіз жетілдіру ЖОО-ның қаржылық тұрақтылығына, қызмет бағыттары мен үдерістерін ақпараттандыруды, ішкі және шетелдік әріптестік байланыстарды дамытуға ықпал етеді.

ОҚМА жастар саясаты жастардың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына, тәрбие жұмысын жетілдіруге және білім алушыларды әлеуметтік қолдау мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

ОҚМА жоғары басшылығы қызметкерлердің бейімділігін, бастамашылығын және кәсібилігін жоғары бағалап, осы Саясаттың барлық деңгейде қолданыс табындығына үміттенеді.

Ректор



М. Рысбеков

27 09 2023 жыл

№ 1 көшірмесі